

Ленинградта ғылым жолында

Научная деятельность в Ленинграде

КСРО басшысы И.В. Сталин 1931 жылы ақпандғы жұмысшылардың Бүкілодақтық конференциясында: «Біздің елімізде автомобиль өнеркәсібін дамыту үшін каучуктенбасқаның бәрі жеткілікті» деген. Осылайша КСРО-да «каучукбәйгесі» басталды.

В феврале 1931 года на Всесоюзной конференции тружеников глава СССР И.В. Сталин сказал: «Для развития автомобилестроения в нашей стране достаточно всего, кроме каучука. Так в СССР началась «каучуковая лихорадка».



Taraxacum_kok-saghyz

Жас агроном Кәрім Мыңбаев Оңтүстік Қазақстанның тау бөктерінен бақбақтың жабайы түрін тауып, ғылыми-тәжірибелік жұмысқа кірісті. Арнайы шаруашылықтар құрды, ғылыми зерттеулер жүргізді, көксағыз өсірудің технологиясын жасап шығаруға жетекшілік етті.

Молодой агроном Карим Мынбаев нашел в предгорьях Южного Казахстана дикие виды одуванчика и приступил к научно-практической работе. Создал специальные хозяйства, проводил исследования, руководил производством и разработкой технологии выращивания кок-сагыза.



Жас агрономның зерттеулері академик Н.И. Вавиловтың назарынан тыс қалмады, ол Кәрімнің ғылыми-зерттеу жұмыстарын Ленинградтағы Бүкілодақтық өсімдік шаруашылығы институтының аспирантурасында жалғастыруды ұсынды.

Кәрім Мыңбаев Ленинградта ғылыммен ғана айналысып қоймай, қаладағы мәдени шараларға қатысып, рухани жағынан жетіліп өсті. Оны бәрін білуге деген құштарлығы жетелейтін, Эрмитаждың және басқа да мұражайлардың залдарындағы әлемдік мәдениеттің әсем ескерткіштерін сағаттап тамашалаудан шаршамайтын. Әрине, олардың арасында Орталық Азия, Түркістан өлкесінің, қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне қатысты жәдігерлер болды. Ол әйелімен бірге Ленинград симфониялық оркестрінің концерттерін, консерватория опера студиясының, опера және балет театрының спектакльдерін тамашалауға да уақыт тапты. Ол кезде Ленинградтағы Киров және Малый театрына гастрольдік сапармен шетелдік өнер майталмандары да келетін.

Своими исследованиями молодой агроном привлёк внимание академика Н.И. Вавилова, который предложил ему продолжить исследования в аспирантуре Всесоюзного института растениеводства в Ленинграде.



В Ленинграде Карим Мынбаев занимался не только наукой, он духовно обогащался, посещая культурные мероприятия в городе. Им двигало желание все узнать, и он мог часами бродить по многочисленным залам Эрмитажа и других музеев. Там он любовался прекрасными памятниками мировой

культуры. Конечно, в их числе были экспонаты, связанные с историей и культурой Средней Азии, Туркестанского края, казахского народа. Он находил время вместе с супругой наслаждаться концертами Ленинградского симфонического оркестра, спектаклями оперной студии консерватории, театра оперы и балета им. С.М. Кирова и Малого театра. В то время в Ленинград с гастрольями также приезжали зарубежные мастера искусств.



1941 жылдың шілдесінде Екінші дүниежүзілік соғыс өрті Ленинградқа жақындап қалды. Кәрім Мыңбаев өз еркімен Қызыл Армия қатарына қосылып, 114-ші жеке броньды ротаның комиссары болды.

К июлю 1941 года Вторая мировая война приблизилась к Ленинграду. Карим Мынбаев добровольно вступил в ряды Красной армии и был комиссаром 114-й отдельной автобронетанковой роты.



Қазақтың атақты ақыны Жамбылдың «Ленинградтық, өрендерім!» өлеңі сол кезде Ленинградта жүрген Кәрімге қатты әсер етті.

Кәрім Мыңбаев ақынға: «Құрметті Жәке! Сіздің дауысыңызды бүкіл Ленинград естіді. Халқыма, ақыныма деген мақтаныш сезімі жүрегімді тесіп өтті. Сөзіңіз бүкіл ленинградтықтарды жаңа ерліктерге шабыттандырды» деп жазды.

Знаменитое стихотворение казахского акына Джамбула (Жамбыл) «Ленинградцы, дети мои!» глубоко затронули Карима.

Карим Мынбаев написал поэту: «Дорогой Жәке! Ваш голос услышал весь Ленинград. Чувство гордости за свой народ, за своего поэта пронзило мое сердце, Ваши слова вдохновили всех ленинградцев на новый подвиг».